



АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



КАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ  
ИНСТИТУТЫ

## **«ФОРСАЙТ ОПТИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ - 2035»**

**Форсайттық зерттеу нәтижелеріне негізделген  
әдістемелік құрал**

## **«ДЕТСТВО-2035 ЧЕРЕЗ ОПТИКУ ФОРСАЙТА»**

**Методическое пособие по результатам  
форсайтного исследования**

**Нұр-Сұлтан, 2021**

**«ФОРСАЙТ ОПТИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛЫҚ  
ШАҚ - 2035»**

**Форсайттық зерттеу нәтижелеріне негізделген  
әдістемелік құрал**

**«ДЕТСТВО-2035 ЧЕРЕЗ ОПТИКУ ФОРСАЙТА»**

**Методическое пособие по результатам форсайтного  
исследования**

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мемлекеттік тапсырысы бойынша  
«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты»  
КеАҚ «Рухани жаңғыру» орталығымен әзірленді*

*Подготовлено Центром «Рухани жаңғыру»  
НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру»  
по государственному заданию  
Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан*

Бұл әдістемелік құрал мектепке дейінгі білім беру модельдерінің ықтималды трансформациялану сценарийлерінің тұрақтану ерекшеліктері мен жаһандану, цифрландыру және социумның пандемиялық қайта жүктелуі жағдайындағы балалардың даму ерекшеліктеріне талдау жасалынған «Балалық шақ – 2035» форсайттық зерттеудің нәтижелерімен таныстыру мақсатымен дайындалған.

Әдістемелік құрал орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистеріне арналған.

Данное методическое пособие подготовлено с целью ознакомления с результатами форсайтного исследования «Детство – 2035», где проанализированы особенности становления вероятных сценариев трансформации моделей дошкольного образования и особенностей детского развития в условиях глобализации, цифровизации и пандемических перезагрузок социума.

Материалы предназначены для центральных государственных и местных исполнительных органов, региональных проектных офисов «Рухани жаңғыру».

## МАЗМҰНЫ

Глоссарий	5
Кіріспе	7
Зерттеулердің әдіснамалық негіздері	9
Ағымдағы жағдайды талдау	12
Форсайттық сессиялардың нәтижелері	14
Қазақстандағы балалық шақ болашағының бейнесі	21
Қосымшалар	28

## ГЛОССАРИЙ

*ECERS (Early Childhood Environment Rating Scale)* – АҚШ-та әзірленген, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім сапасын кешенді бағалау шәкілдері. Бұл ҚР МЖБС (МД ФМБС) секілді құндылықтарға бағдарланған және стандарт талаптарын нақтылайтын құрал<sup>1</sup>.

*ECEC (Early childhood education and care)* – мектепке дейінгі білім беру тәжірибесі мен оны әкімшілендірудің институционалдық деңгейінің ресми атауы. Осы деңгейді айқындауда «care» (күтім, қамқоршылық) сөзі ерекше бөлініп көрсетілген.

*Форсайт* (ағылш. Foresight - «болашаққа көзқарас, болжау») — болашаққа қатысты арнайы іріктеліп таңдалған сарапшылық топтарда модератордың жетекшілігімен өткізілетін, оған қол жеткізу үшін өзекті болып табылатын нақты іс-қимылдар алгоритмін міндетті түрде тұжырымдай отырып, қатысушылардың өздері талқылап отырған әлеуметтік феноменге, институтқа, үрдіске қатысты болашақ бейнені қалыптастыруға бағытталған зерттеушілік коммуникацияның ерекше құралы.

*Rapid Foresight (RF)* — болашақты болжамдауға және қалыптастыруға арналған, қысқа мерзімде болашаққа қатысты дәлдігі жоғары болжамдарды, оларға қол жеткізу жолдарын алуға және адамдарды өздерінің болашақ туралы түсініктері арқылы біріктіруге мүмкіндік беретін құрал.

*Форсайттық ойлау* — болашақтан қазіргіге қарай, болашақтағы бейнеден бүгінгі ахуалға қажетті күш-жігер жұмсау нүктелері арқылы жүйелі талдамалық ойлау тәсілі.

*Форсайттық өнім* — айтарлықтай ауқымға және ұзақ мерзімдерге бағдарланған шешімдерді қабылдау кезінде ұсынымдық триггер әлеуетін қамтитын нақты құжат (ғылыми-зерттеу есебі, болжам, жол картасы).

*Форсайт-сессия* — нақты ережелер, ерекше рәсімдік алгоритм және олардың айналасында болашақ бейнесін және оған қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік өзгерістер жобаларын пысықтауға бағытталған пікірсайыс қалыптасатын мәні тар базалық терминдер бойынша модератордың жетекшілігімен өткізілетін топтық пікірталас түрі.

*Форсайттық нетворкинг* – модератордың жетекшілігімен зерттеушілік міндеттерге нәтижелі қол жеткізуге ықпал ететін форсайт-сессияларда берілген тақырыптар бойынша респонденттер тобында пікірсайыс барысындағы сындарлы, тиімді, сенімгерлік және игілікті коммуникациялық тұлғааралық трансакцияларды құру. Форсайтқа қатысушылардың диалогы мен ортақ қатысуына бағытталған құралдар.

*Жұмыс ырғағы* — пікірсайыс дискурсының ерекше мақсаттары, міндеттері мен өзгешелігі бар топтық пікірталастың рәсімдік бөлігі.

---

<sup>1</sup> Қазақстанда алғашқы сертификатталған ECERS сарапшылары пайда болды. Мектепке дейінгі білім беру сапаның заманауи түсініктемесінің мағынасын егжей-тегжейлі ашуға, мектепке дейінгі білім беретін ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби ұстанымын өзгертуге мұқтаж. Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби ұстанымын өзгертуде сапаның жоғары деңгейі туралы не куәландыратынын егжей-тегжейлі нақтылау маңызды болуда. Аталған проблеманы шешу кілттерінің бірі – білім сапасын дамытушы бағалау, ол кері байланысты алумен қатар, жетілдіру үшін де ынталандыру болады.

*Уақыт көкжиегі* — ықтималды немесе күтілетін өзгерістер орын алуы тиіс жылдың немесе болашақтағы өзге де мерзімнің белгіленуі. Жақын, орташа және алыс көкжиектерге бөлінеді.

*Болашақ картасы* – шартты «таза парақ», онда талдау объектісін форсайт-талқылаудың реперлік нүктелерінің графикалық және схемалық көрінісі орын алады.

*Тренд* – талдау объектісіне (саласына) әсер ететін орнықты, уақыт бойынша дамитын үрдіс. «Артады немесе төмендейді», «нақты не артады немесе төмендейді?», «қандай жағдайларда?» деген тұжырымдарда сипатталады.

*Субъект* – жасалатын «Болашақ картасының» шеңберінде зерттеулер мәні саласындағы негізгі қызметтің қатысушылары, акторлары, агенттері.

*Саясат (нормативтік акт)* — белгілі бір қызметті реттеу ережелерін сипаттайтын карточка.

*Қауіп-қатер* — субъектілер үшін қызметіне және тіршілік етуінің өзіне әсер ететін маңызды өзгеріс, яғни трендтің даму салдарлары, сондай-ақ сол немесе өзге субъектіге теріс әсер етуі мүмкін технологияның, форматтың немесе картадағы басқа да «мәннің» айтарлықтай салдары.

*Мүмкіндік* — субъектілер үшін қызметіне және тіршілік етуінің өзіне әсер ететін маңызды өзгеріс, трендтің даму салдары, сондай-ақ субъектіге оң әсер етуі мүмкін технологияның, форматтың немесе картадағы басқа да «мәннің» айтарлықтай салдары.

## КІРІСПЕ

Форсайт әдіснамасы қолданылатын осы жоба қазақстандық ғылыми-сарапшылық қоғамдастықта қоғамдық даму зерттеулерінің заманауи әдіснамасын ілгерілету үрдірісінің заңды жалғасы болып табылады.

Форсайт-әдіс Қазақстанның зерттеушілік өрісінде «Жаңа кәсіптер атласы» серпілісті қолданбалы жобасында, «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институтының - «Халықаралық аренадағы Қазақстан», «Қазақстандықтың бейнесін қалыптастыру», «Инклюзивті дүниетаным және инклюзивті қоғам» форсайттық зерттеулерінің академиялық жобаларында бұрын нәтижелі түрде қолданылғанын атап өткен жөн.

Форсайт-әдістерді тиімді қолдану жоғарыда аталған іргелі және қолданбалы зерттеу іс-шараларының шеңберінде өзін сәтті көрсетті. Академиялық сабақтастық қисынына негізделе отырып, біз есептік өнімдерде ұсынылған форсайттық зерттеулердің тарихы, теориясы және технологиялары туралы қағидаларды қайталамаймыз.

Осы қорытынды ғылыми-талдау құжатында біз «Форсайт оптикасы арқылы балалық шақ-2035» өлшенетін феноменнің қолданбалы аспектілеріне оның бүкіл институционалдық және субъектілік көптүрлілігінде көңіл бөлдік.

Алынған зерттеу нәтижелерінің негізінде мектепке дейінгі білім беру модельдерінің ықтималды трансформациялану сценарийлерінің тұрақтану ерекшеліктері мен жаһандану, цифрландыру және социумның пандемиялық қайта жүктелуі жағдайындағы балалардың даму ерекшеліктері талданды.

Осы жоба бойынша форсайт-сессиялар, форсайт алындағы және форсайттан кейінгі талдау барысында алынған зерттеу нәтижелерін әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ілгерілетудің өзектілігі мен дер кезділігін негіздеуге ерекше көңіл бөлінген.

Аталған ғылыми-талдау құжатында қол жеткізілген нәтижелер мен «Рухани жаңғыру» стратегиялық міндеттері, ҚР қоғамдық даму және балалық шақты қорғау саласындағы бағдарламалық құжаттары арасындағы жүйелі корреляцияға едәуір назар аударылған.

Оқу құралы қисынды түрде өзара байланысты бірнеше бөлімнен, әдебиеттер тізімінен, заманауи зерттеу әдістері жөніндегі библиографиядан және силлабус макетін қамтитын қосымшадан тұрады.

Оқу құралында қоғамдық сана мен қоғамдық дамудағы болашақ жай-күйлерді негіздейтін білім беру жүйесіндегі басым кластер ретіндегі мектепке дейінгі балалық шақ саласындағы болжамалы зерттеулерді өткізу қажеттілігінің негіздемесі ұсынылған. Сондай-ақ білім беру кеңістігі мен тұтастай заманауи социумды екпіндеп өзгертетін түйінді жаһандық трендтердің ықпалымен визионерлік зерттеулер өзектілігінің бүкіл көптүрлілігінде өсуінің дәлелдемелік базасы берілген.

Сонымен қатар «Қазақстанда 0-6 жас аралығындағы балалардың білімі және дамуы: 2035 жыл» және «Балалар мен гаджеттер: цифрлық кеңістіктегі бала» тақырыптары бойынша форсайт-сессиялар әдістемесінің, топтық серпіні мен нәтижелерінің сипаттамасы бар, болашақ бейнесіне басым ықпал ететін және қазіргінің трансформациясына айтарлықтай әсер ететін түйінді трендтер

бөлініп көрсетілген. Қатысушылар анықтаған трендтер және олар қалыптастырған «Балалық шақ-2035» болашақ бейнесін пайымдауының негізінде мектепке дейінгі балалық шақ саласындағы кәсіптік қызметтің негізгі белгілері, 2024 – 2026 жылдарға негізгі көңіл бөле отырып, 2035 жылға дейінгі уақыт көкжиегіндегі балалар, ата-аналар және мұғалімдер когорталарының қоғамдық санасының өзгеше белгілері айқындалған. Мектепке дейінгі білім беру үшін гаджеттер қажеттілігінің индикаторлары, сондай-ақ ата-аналар мен мектепке дейінгі білім беретін педагогтер цифрлық опциялармен тиімді жұмыс жасау үшін игеруі тиіс түйінді құзыреттіліктер қарастырылған. Балалардың ойын қызметінің «гаджеттерден тыс» нысандарының роліне, орны мен перспективаларына едәуір көңіл бөлінген.

Форсайт нәтижелері бойынша ұсынымдар топтамасы жасалды, онда мектепке дейінгі білім мамандарын даярлау жүйесіндегі өзгерістерге бағытталған түйінді қорытындылар мен ережелер қамтылған.

Қорытынды бөлім белсенді зерттеулермен бір кешенде форсайттық әдістер бойынша оқу курстарынан сабақ беру әдістемесі жөніндегі оқу-әдістемелік кешен тұрғысынан алынған нәтижелерді қолдану бойынша ықтимал бағыттардың жүйелі блиц-сипаттамасына арналған, бұл «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып, қазақстандық тақырыптама бойынша қоғамдық даму саласындағы форсайттық және өзге де зерттеулер жетістіктерін дүниежүзілік ғылыми қоғамдастықта ілгерілетуге мүмкіндік береді.



## ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

«Балалық шақ-2035» жобасының түйінді тақырыбының тұжырымдамалық талдауының әдіснамалық негіздемесі акторлық-функционалдық және кәсіптік-қызметтік тәсілдер болып табылады. Осы тәсілдерге сәйкес форсайт-сессиялардың аналитикасы, компаративистикасы, коммуникациялық гайдтардың контенттері мектепке дейінгі білім берудің кәсіптік-қызметтік бейіндері: академиялық пән, практика, ғылым арқылы оның акторлық-институционалдық өрісін жіктеу базасында қалыптастырылған. Әрбір кәсіптік-қызметтік бейін бойынша ағымдағы жағдай, олардың институционалдық көптүрлілігі арқылы визионерлік беталыс перспективалары мен акторлық рольдер талданды.

Осы әдістемелік оқу құралында 2021 жылғы тамыз-қыркүйекте форсайт-әдістерді қолдану арқылы өткізілген зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Жобаның түйінді зерттеушілік оқиғасы ZOOM тұғырнамасында онлайн форматта 2021 жылғы 27-29 қыркүйекте өткізілген «Балалық шақ-2035» форсайт-сессиялары болды.

Форсайт-сессиялар қатысушылардың екі тобымен өткізілді. Әрбір топтың құрамына мектепке дейінгі білім беру мен дамыту саласы кәсіпқойларының түрлі ұрпақ когорталарының өкілдері, мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандарды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының өкілдері, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагог-практиктері, балаларды дамыту саласында маманданатын ҰЕҰ өкілдері кірді. Зерттеу іс-шаралары RF әдістемесінің ережелеріне сәйкес өткізілді.

Форсайт көбінесе стратегиялық ойлауға қатысы бар әдіс болып табылады. Форсайттың мәні зерттеу рәсіміне қатысушылар талқылайтын қызмет саласының қолжетімді стратегиялық мүмкіндіктерді қабылдауды кеңейту болып табылады.

Аталған форсайттық зерттеуде RF (тез форсайт) әдістемесі – классикалық форсайт технологияларына қарағанда неғұрлым қысқа мерзімдерде репрезентативті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін, RE-ENGINEERING FUTURES тобы әзірлеген форсайт-әдістемесінің ресейлік нұсқасы қолданылған.

RF әдістемесі халықаралық деңгейде танылған. Халықаралық еңбек ұйымының желісі бойынша сессиялар Вьетнамда, Арменияда, Танзанияда өткізілді, ал Global Education Future жобасы бүкіл әлемнен білім беру саласындағы жетекші сарапшыларды қатысуға тартты.

«Өзгерістер агенттерінің» белсенді тобын құру – форсайттың «режиссерлік басты міндеттерінің» бірі. Сондықтан респонденттер пулын іріктеп таңдау зерттеудің қорытынды нәтижелері үшін қағидаттық маңызды факторы болып табылады.

RF әдісінде екі технологиялық маңызды және өзара байланысты тактикалық модуль: «топ қатысушыларымен жұмыс» және «болашақпен жұмыс: схемалар, карталар» шоғырланған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әдістің маңызды бөлігі ортақ болашақ және даму жобаларын жобалау арқылы «өзгерістер агенттерінің» командасын

қорытынды қалыптастыру болып табылады. Әдістеме терминологиясына сәйкес коммуникациялар кеңістігі «болашақ картасы» деп аталады және онда орналасқан ортақ болашақ коммуникациялар нысанасы ретінде шығады.

Осы арнайы ұйымдастырылған коммуникация процесінде зерттеу нысаны болып шығатын саланың ішінде өзін-өзі айқындайтын, өзіндік даму стратегиясын құрып келісетін қоғамдастық құрылады, ең маңызды даму фокустарына қатысты белгіленіп, түйінді жобаларды таңдайды және қорытындысында оларды іске асыру үшін жұмыс топтарына жиналады.

Тұтастай алғанда, тізбек дамыту командасынан, болашақ картасынан және оны іске асыру жөніндегі жобалардан тұрады: форсайт-сессияның қорытындысы бойынша қоғамдастықты қалыптастыру немесе өзін-өзі анықтауы; қоғамдастықты дамыту стратегиясын, дамыту картасын, жол картасын сараптау және жасау; ағымдағы қызметтің стратегияға сәйкес келуін тексеру, тапшы орындарды дамытушы жобалармен жайластыру; стратегия негізінде жол картасын жасау және оны іске асыру үшін жобалар мен жобалау топтарын қалыптастыру; қоғамдастық өзегін – «өзгерістер командасын» - қоғамдастықты дамыту картасын бөлісетін жобалар көшбасшыларын қалыптастыру. RF әдісінде қоғамдастықтармен жұмыс жасау мысалдарының бірі қазіргі уақытта Сколково инновациялық орталығының алаңдарында ілгерітіліп келе жатқан тәжірибе қоғамдастықтары конструкторларын жасау және олардың жұмысын қолдау болып табылады.

Консультациялық брифингтер қорытындылары жөніндегі форсайт-сессияларда жобаның тұжырымдамасын ескере отырып, екі неғұрлым өзекті және ауқымды тақырып қойылды, оларды талқылау «Балалық шақ-2035» болашақ бейнесін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тақырыптардың әрқайсысы үшін мектепке дейінгі білім беру және балаларды дамыту саласында кәсіби түрде жұмыс істейтін респондент-сарапшылардың пулы мұқият іріктелді.

Форсайт-сессияға қатысушылардың бірінші тобы «0-6 жас аралығындағы балаларды оқыту және дамыту» тақырыбымен жұмыс жасады.

Форсайт-сессияға қатысушылардың екінші тобы «Бала және гаджеттер. Балалар цифрлық кеңістікте, бала дамуында технологияларды қолдану» тақырыбына шоғырланды.

Форсайт-сессиялардың сарапшылық топтары респонденттерінің талқылауға қосылу серпіні балаларды дамыту, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту проблемалары олардың түсініктемелерінің, бағалауларының әртүрлі полюстерінде көрініс тауып, форсайт-сессиялар қатысушыларының түрлі топтарындағы түсініктемелерін ескерумен тереңнен жан-жақты талдауды талап ететінін көрсетеді.

Форсайт-сессиялардың алдында зерттеу респонденттері үшін вебинарлар өткізілді, онда қолданылып отырған RF зерттеу технологиясының негізгі ережелері, қағидалары, техникалары, ұғымдары мен терминдері айқын белгіленіп, алдағы форсайт-сессиялардың сарапшылық пулының қатысушыларына дейін әдістемелік түрде негізделіп жеткізілді.

Әдістеменің санаттық аппараты ерекше семантикалық және этимологиялық өзгешелікпен айрықшаланатынына көңіл бөлген жөн. Оны

игермей іріктелген респонденттер топтарының жұмыс үрдісінде болашақ бейнесін жасаудың ортақ қисынында аспаптық жаңылысулар мен технологиялық ауытқулар болуы ықтимал.

Жалпы ғылыми және пәндік мәнмәтінде кеңінен қолданылатын «трендтер», «қауіп-қатерлер», «мүмкіндіктер», «субъектілер», «болашақ бейнесі», «мәндер» деген терминдер RF зерттеу глоссарийінің шеңберінде өзінің нақты, «тар» мағынасына ие болады.

Сондықтан форсайт-сессиялардың сарапшылық топтары қатысушыларының аталған «тар» мағыналарды түсініп, талқылау барысында жалпымен қолданылатын контенттерге жүгінбеуі қағидаттық маңызды болып табылады. Әсіресе бұл «қауіп-қатерлер», «мүмкіндіктер», «болашақ картасы» деген терминдерге қатысты болып табылады.

Кез келген форсайт-әдісіндегі респонденттердің топтық жұмысы міндетті түрде талдау және пікірсайыс қызметінің төрт деңгейін қамтитынына ерекше көңіл бөлу керек.

Бірінші деңгей қазіргіге қатысты. Топ қатысушылары ағымдағы жағдай туралы пікірлерін айтады, оларда пікірсайыс дискурсының өзекті ережелерін белгілей отырып, «карточкалар» деп аталатын RF-әдісінің ерекше дидактикалық бірлігімен жұмыс жасайды. Осы кезеңдегі ерекше ұйымдастырушылық рөл модераторға тиесілі.

Екінші деңгейдің болашақ бейнесіне тікелей қатысы болады. Мұнда топ ішінде болжамдау әдістері қолданылып, перспективалармен пікірсайыс және талдау жұмысы жүргізіледі.

Үшінші деңгей жоспарлаумен байланысты барлық нәрселерді қамтиды. Осы деңгейде басымдықтарды айқындау жүзеге асырылып, стратегиялық талдау өткізіледі.

Төртінші деңгей респондент-коммуникаторлардың уақытша тобының креативті ізденіске, тиімді диалогқа, нәтижелі командалық серпінге ықпал ететін сындарлы әлеуметтік-психологиялық климатты жасауға қатысты болады. Аталған деңгейде форсайттық нетворкинг құралдары қосылады.

Форсайт-сессияларды жүзеге асыру үрдісінде модератор пікірталасты бағыттап, пікірсайыс риторикасын технологиялық маңызды талқылау дискурстарына фасилитациялайды. Топ «трендтер» деп аталатындарды тұжырымдауға негізгі көңіл бөледі.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

ҚР-да білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – БДМБ) басталған кезде Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту балалардың 38,7% ғана құрады, ал дамыған елдерде аталған көрсеткіш 90-100% дейін жеткен.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға кезектіліктің жыл сайынғы өсімі бала туу есебінен ел бойынша орташа алғанда жылына 5-7% құрады. Бала бақшалардағы 100 орынға орташа алғанда 111 баладан, қалаларда – 120 баладан келді. Қалалық жерлерде бала бақшаға әрбір үшінші бала, ауылдық жерлерде – 100-ден 5 бала ғана барды. Сол жылдары мектепке дейінгі секторда инклюзивтік білім беру тиісті дамыған жоқ.

Елде жеке меншік бала бақшалар желісі жеткілікті дамымаған болды, олардың үлесі мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санының 4,8% (4972-ден 237) ғана құрады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған мемлекеттік бюджет шығыстарының үлесі соңғы жылдардың ішінде жалпы ішкі өнімнің шамамен алғанда 0,1% ғана құрады. ЭЫДҰ елдерінде аталған шығыстар ЖІӨ-нің 1 – 2% құрайды.

БДМБ міндеттерін орындау барысында 2011 – 2020 жылдар ішінде 1 жастан 6 жас аралығындағы балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен толық дерлік қамтуға қол жеткізілді, балалардың мектепке дайындалуы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың түрлі бағдарламаларына тең қолжетімділігі іске асырылды. Балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жүзеге асырылды. Жаңартылған мазмұн бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 3-6 жас аралығындағы балалардың үлесі 2017 жылы 87,5% құрады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БҒДМБ) стратегиялық мақсатына қол жеткізудің нысаналы индикаторларының бірі «1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту» индикаторы болып табылады. Деректерге сәйкес 2018 жылы Қазақстанның 1-6 жас аралығындағы бала тұрғындарының 77,1%-ы, 2020 жылы – 81%-ы нақты қамтылды. 2021 жылы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 81,7%-ды, 2022 жылы – 82,6%-ды, 2023 жылы - 83,5%-ды, 2024 жылы – 84,6%-ды қамту жоспарланған. 2025 жылы мектепке дейінгі оқыту сервистерімен 1-6 жас аралығындағы балалардың 85,3%-ын қамту жоспарланған.

1-2 жас аралығындағы балалар институционалдық күтім және дамыту сервистерімен аз қамтылғанына назар аударған жөн, бұл аталған нысаналы индикатордың статистикалық серпінінде көрініс тауып отыр.

Мектепке дейінгі балалар мекемелері тәрбиеленушілерінің жас шектелімін 3 жасқа дейін көтерсе, онда 3-6 жас аралығындағы бала тұрғындардың мектепке дейінгі оқыту және тәрбие қызметтерімен қамтылуының нысаналы

индикаторы 2018 жылы 95,2%-ды құраса, 2020 жылдан бастап 100%-ға тең болды және бұл деңгей 2021 – 2025 жылдары орнықты бекітілді.

1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 2025 жылы 85,3%-ды, 3-6 жас аралығында – 100%-ды құрауы тиіс. БҒДМБ іске асырылған 3 жыл ішінде 2016 жылдан бастап 2019 жыл аралығында мектепке дейінгі ұйымдар желісі 1480 бірлікке артқаны атап көрсетіледі: 2016 жылы - 9 410, 2017 жылы - 9 828, 2018 жылы - 10 334. Нәтижесінде 3-6 жас аралығындағы 95,2 % балалар мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған.

2005 жылдан бастап 2020 жыл аралығындағы статистикалық деректерді салыстыру мектепке дейінгі балалар мекемелерінің материалдық-техникалық инфрақұрылымын жасау саласындағы жетістіктердің сенімді бейнесін көрсетеді.

Дегенмен де ағымдағы күн тәртібінде «ресми» аналитика кластерінде тіркелетін өзге де проблемалар орын алуда.

ҚР БҒМ халықтың білім және ғылым саласында өткізіліп жатқан саясатына қанағаттанушылық деңгейіне әлеуметтанушылық сауалнама жүргізді.

Алынған нәтижелерге сәйкес сұралған адамдардың 22,3%-ы толық қанағаттанады, жартысынан көбі (50,2%) көбінесе қанағаттанады деп сендірді. Алайда респонденттердің төрттен бір бөлігінен астамы теріс баға берді, олардың 20,1%-ы – білім беру жүйесінің дамуымен көбінесе қанағаттанбайды және 7,5%-ы – мүлдем қанағаттанбайды.

Мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасы да ата-аналар тарапынан көптеген наразылықтарды тудырады (ЭЫДҰ, 2018). ЭЫДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан ерте жастағы балаларға ерекше көңіл бөліп, 3 жастан кіші балалар үшін мектепке дейінгі білім беруді белсенді ілгерілетуі қажет.

Сондықтан да 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбиеге және оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз ету талап етіледі.

Бала бақшалардың 20%-ы ғана инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған. Сапалы инклюзивтік білім берумен денсаулығының ерекше мүмкіндіктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың 28,2%-ы ғана қамтылған. Инклюзивтік ортада балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін мамандардың тапшылығы 64%-ды құрайды.

Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар желісінің өсуін ынталандыру үшін 2011 жылдан бастап мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялау алынып тасталды. Осы кезең ішінде мектепке дейінгі ұйымдар желісі 1,5 есе көбейді, бұл ретте жеке меншік желісі – 7 еседен астамға артты (2011 жылы - 449 бірлік, 2018 жылы - 3 749 бірлік). Сонымен қатар жұртшылық тарапынан бала бақшалардың материалдық-техникалық жарақтануы мен олардағы тәрбие үрдісі бөлігінде сын айту жағдайлары жиілеп кетті. 2016 – 2019 жылдары БҒДМБ іске асырылған кезеңде педагог кадрлардың саны 500 мың адамнан асты. Дегенмен де білім беру саласындағы мамандарды жыл сайын жаппай шығаруға қарамастан, педагог кадрларға деген қажеттілік әлі де сақталуда.

## ФОРСАЙТ-СЕССИЯ НӘТИЖЕЛЕРІ

Екі топ та бірінші кезекте уақыт көкжиектерін белгілеп алды. «Жақын көкжиек» ретінде 2024 жыл аталды. 2026 жылға «орташа көкжиек» сызықтары салынды. Және де алыс көкжиек ретінде 2034 жыл мәлімделді.

*Түйінді трендтер.*

Сессия барысында анықталған барлық трендтер қоғамдық сана нысандарында тікелей көрініс табады, жалпы қоғамдық даму үшін конструктивті немесе деструктивті әлеуетке ие болады.

Жалпы бейнесі «Түйінді трендтер, олардың қоғамдық сана мен қоғамдық дамудағы көрінісі» кестесінде «Денсаулық және қауіпсіздік» кіші тақырыбымен біріктірілген трендтер тобының мысалында көрсетілген.

Анықталған тенденциялар	Қоғамдық сана және әлеуметтік дамудың байланысы	Тиімділігі бойынша бағыт	Жою немесе жақсарту әрекеттері
Ата-аналар тарапынан мазасыздық пен сенімсіздіктің өсуі.	Баланың жақын ортасының әлеуметтік әл-ауқатының көрсеткіші.	Тұрақтылық пен төзімділікке қолайсыз	Жалпы ата-аналық алаңдаушылықтың себептерін, оның ықтимал себептері мен ықтимал алғышарттарының кең ауқымында зерттеу.
Денсаулығы бұзылған, соның ішінде неврологиялық проблемалары бар балалар санының артуы.	Ұлт денсаулығы, болашақ ұрпақтың ерте диагностика бойынша жұмысы және медициналық-әлеуметтік қолдау.	Медициналық-әлеуметтік қызмет пен инклюзивті қоғамдық сананы дамыту көрсеткіштерінің төмендеуі.	ДДУ қабылдаған «адам денсаулығы» концепциясын енгізу.
Қазақстан Республикасындағы мектеп жасына дейінгі балалар арасында жарақаттану (травматизм) деңгейінің артуы.	Жазатайым оқиға нәтижесіндегі бала өлімі мен жарақаттану көрсеткіштері елдің әлеуметтік әл-ауқатының, ата-ана мәдениетінің дәрежесінің, халықтың заңға бағынуының және құқықтық санасының көрінісі ретіндегі жауапкершіліктің жетекші көрсеткіштері болып табылады.	Жалпы әлеуметтік деңгейде де, бастапқы әлеуметтік отбасы мен үй шаруашылығы деңгейінде де жас балаларды күту мәдениетіндегі кейбір «олқылықтардың» болуы.	Түрлі әдістер мен алуан-түрлі тәсілдегі ата-ана мәдениетіндегі қазақстандық мектептер. Бала күтімі стандарттарының стереотиптерімен күресу.
Денсаулықты сақтайтын білім беру мен оқытуда субъектілер мен бастамалардың аздығы.	Әлеуметтік дамудың осы секторындағы өкілдік бойынша төмендеу динамикасы.	Мемлекеттік «Ұлт денсаулығы» бағдарламасы. Салауатты өмір салтын ұстанатын және өз денсаулығына ортақ жауапкершілікті көтеретін халықтың үлесін арттыру.	Жаңа коммуникациялық үлгілерде денсаулықты сақтайтын білім берудің әлеуметтік тартымдылығы бойынша бастамаларды дамыту

Сессия қатысушыларының трендтер спектріне қатысты дәлелдемесін және олардың талдамалық интерпретациясын егжей-тегжейлі ұсынайық. Топ қатысушыларының пікірі бойынша балалардың және 6 жасқа дейінгі балалары бар отбасылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне байланысты проблемалар қазақстандық қоғамда аса өзекті болып табылады. Осы «Денсаулық және қауіпсіздік» бөлімінде қатысушылар келесі трендтерді қалыптастырды.

*Мазасыздану сезімі бар ата-аналар санының өсуі.*

Респонденттер мазасыздану, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, отбасының материалдық даму перспективаларына алаңдаушылық сезімі бар ата-аналар санының өсуін көрсетті.

Әлеуметтік әл-ауқат, әлеуметтік шиеленіс деңгейінің жай-күйлері халықтың тұтастай әлеуметтік өзін-өзі сезінуі мониторингінің жетекші индикаторларының бірі болып табылады.

Аталған тренд ата-аналар мазасыздануының себептерін олардың ықтимал себептері мен әлеуетті алғышарттарының бүкіл кең көптүрлілігінде жалпы іздестіру өзектілігінің константасын белгілейді.

*Денсаулығы нашар балалар санының артуы.*

Форсайт-сессияның сарапшылары балалар дамуындағы денсаулығы нашар балалар санының артуы секілді беталысқа назар аударды. Топ қатысушылары Қазақстанда мүмкіндіктері шектеулі мектепке дейінгі жастағы балалар санының өсу трендін бірауыздан көрсетті.

Бұл ретте осы балалар когортасының арасында жартысынан көбін неврологиялық сипаттағы ауытқушылықтары мен бұзушылықтары бар балалар құрайтыны дерегін жеке тармақ етіп белгіледі. Аталған тұжырым денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалары бар ата-аналар контингентінің неврологиялық ауытқушылықтарды ерте диагностикалаудың және оларды одан кейін әлеуметтік-медициналық сүйемелдеудің денсаулық сақтау сервистеріне ерекше сұранысын айғақтайды.

*Қазақстанның мектепке дейінгі жастағы бала тұрғындарының арасында мектепке дейінгі жастағы балалардың қараусыз және қадағалаусыз қалуының өсуі себебінен жарақаттану жағдайлары.*

Келесі тренд сондай-ақ балалар денсаулығы проблемаларына, бірақ өзге нысанда қатысты болды. Аталған тренд өз баласының немесе тәрбиеленушісінің қауіпсіздігі үшін ата-аналар мәдениетінің, ата-аналар жауапкершілігінің деңгейін көрнекі түрде көрсетеді.

Форсайт-сессияның осындай тактісі барысында сарапшылар Қазақстанда кішкентай балаларға ата-аналардың және өзге де «ересектер» қарауының мәдениеті мен дәстүрлеріндегі белгілі бір «олқылықтар» қарқынын белгіледі. Сонымен қатар «сәттілік-сәтсіздік» дихотомиясында әлеуметтік деңгейде, сол сияқты бастапқы отбасылық-тұрмыстық деңгейде де бар.

Қатысушылар мектепке дейінгі жастағы балалардың қараусыз және қадағалаусыз қалуының артуын белгіледі. Әлеуметтік жетімдік феномені форматы және ата-аналардың немқұрайлығы мен жауапсыздығының салдарынан жарақат алған балаларға қатысты кейстер тіркелген.

Ата-аналардың басым көпшілігі үшін өздерінің абайсыздығы, немқұрайлығы, жауапсыздығы салдарынан баланың жарақат алуы олардың жеке психологиялық жарақаты және трагедиясы болатыны сөзсіз. Дегенмен де осы жағдайда аталған тренд Қазақстанда өз баласының немесе тәрбиеленушісінің қауіпсіздігі ережелерінің толық хаттамасын сөзсіз және мүлтіксіз орындау бөлігіндегі ата-аналар мәдениетін арттыруға бағытталған бастамаларды күшейтудің объективті қажеттілігін өзектілендіре түседі.

Топтық талқылау қатысушылары балалар жарақаттанушылығының келесі кейстерін келтірді: балалардың ашық терезелерден құлап кетуі, балалардың үстіне терезе алдында немесе сөрелерде тұрған ауыр заттардың құлауы, жол қозғалысы қағидаларын және автомобильде балалар креслосының болу талабын сақтамау.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекші қағидаттары құқықтық санаға, заңға бағынушылыққа, ата-аналар жауапкершілігіне қатысты жоғарыда көрсетілген трендтердің сындарлы-жасампаздық сипатта және олардың мәні теріс белгіде емес, оң белгіде болатындай қазақстандықтардың қоғамдық санасы өзгеруінің басты құрамдас бөліктеріне шоғырланған.

Респонденттердің пікірі бойынша қазіргі кезде орын алып отырған Қазақстандағы балалардың тұрмыстық жарақаттануының артуы тренді осы бағытта жұмыс жасау керектігін айғақтайды. Сонымен қатар ата-аналар мәдениеті мен жауапкершілігінің дәл осы микродеңгейі, жеке, дербес деңгейі жетекші рөл атқарады.

Аталған трендте тағы да бір маңызды элеуметтік аспект белгіленгеніне назар аударамыз. Осы көрсеткіштер бойынша жалпы оң серпін байқалғанымен, балалар өлім-жітіміне қатысты барлық нәрселер қатты қоғамдық резонанс үшін үнемі латентті ресурс болып табылады.

*Денсаулықты сақтау ағарту мен білім беру саласындағы акторлар мен бастамалардың тапшылығы.*

Аталған қоғамдық даму секторында «Ұлт денсаулығы» бағдарламасының – салауатты өмір сүру салтын ұстанатын және өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікті көтеретін халық үлесінің ұлғаюы жетекші индикаторына қол жеткізуге бағытталған білім беру тәжірибелерінің, ағартушылық бастамалардың нысандары мен түрлерінің орын алуы бөлігінде төмендеп келе жатқан серпін белгіленді.

Мектепке дейінгі балалық шақ саласындағы ағымдағы жағдай туралы ойлана отырып, топ қатысушылары ата-аналар мінез-құлқы трендінің бар екендігін атап өтеді, оның шеңберінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шынайы психосоматикалық, физиологиялық, психикалық жай-күйі саналы түрде, сол сияқты қасақана емес те жасырылады.

Аталған трендтің қоғамдық сананың сырқаты бар балаларды қабылдауға жеткілікті деңгейде дайын болмауы жағдайларында орын алып отырғандығы белгіленеді. Сондай-ақ оны денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты дұшпандық стереотиптердің үстемдігі жағдайларында ата-аналардың өзіндік санасы өзгешелігінің көрініс табуы ретінде де бағалауға болады. Сонымен қатар осындай ата-аналар мінез-құлқының ерекше бірлі-жарым жеке себептері мен алғышарттары да орын алуы ықтимал.

Трендтердің келесі тобы «Әлеуметтік демография» тақырыбында қалыптастырылды:

*Бала туу санының өсуі.*

Қазақстандық халық популяциясына қатысты қатысушылар «бала туу серпілісі» тұжырымын қолданып, бала туу санының өсуін белгіледі. Сарапшылардың пікірі бойынша осы көрсеткіштер елдің оңтүстік өңірлерінде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда неғұрлым жоғары болып табылады.

*Ажырасу санының өсуі.*

Бала туу санының өсуі тұжырымының аясында ажырасу санының өсуі тренді викториандық ғана емес, сонымен қатар жуық арада болған «ескі әдеп» дәуірінің отбасының классикалық институты канонына қатысты қарама-қайшы,



бірақ «жаңа әдеп» ерекшеліктеріне барынша болжамды болып табылады. Заманауи отбасылық мәдениет мен ерлі-зайыптылар өмір сүру салты бұзылуының, ерлі-зайыпты ата-аналар ынтымақтастығы дағдарысының көрсеткіші ретінде шығатын неғұрлым маңызды фактор деп қатысушылар Қазақстандағы ажырасу санының артуын атап өтті.

Аталған құрылымдық бөлікте осы ережені статистикалық деректермен дәлелдеу мәніне жүгінбей, осы бөлікте топ респонденттері айтқан пікірлерді белгілейтінімізге назар аударамыз.

Тәсілдің осы ракурсында топ қатысушыларының жағдайдың пайымы маңызды болып табылатындығына байланысты. Және олар талқылау үрдісінде отбасы және отбасылық құндылықтар дағдарысын әлеуметтік проблема ретінде бірауыздан белгілейді, ол саны бойынша өсіп келе жатқан ерлі-зайыптылардың ажырасуы жағдайларында көрініс табады.

Ажырасу санының артуы – «жаңа бірқалыптылық» форматтарына өтетін қазіргі заманның жаһандық тренді болып табылатынын ескеріп, қосымша атап өту қажет. Оның шеңберінде норма шектерінің шайылуы, әдептілік канондарының қайта жүктелуі, өзін-өзі сәйкестендіру шеңберлері мен теңтүпнұсқалылық эталондарының бұзылуы орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның егде және қариялар адамдардың беделін, ана борышын, әке борышын, ұл балалар мен қыз балалардың міндеттерін, келіндердің ерекше мәртебелерін, туыстық қолдау көрсету және өзара көмектесу дәстүрлерін қоса алғанда, ұлттық тыйым салынған тәртіп канондарына негізделіп құрылған отбасы институты жаңа әдебінің өзіндік курсына құрудың қуатты ресурсы бар.

Қазақстан халқының отбасылық рольдік репертуарының қазақ халқының отбасыны сақтаушы дәстүрлері мен салауатты прагматикалық ұстанымдардың терең ділдік әлеуеті бар. Және осында қазақстандықтардың қоғамдық санасының күші. Жаһандық антропологиялық дағдарыстар мен құндық трансформациялардың жаңа жағдайларында ұлттық отбасы және неке институтын сақтауға стратегиялық көңіл бөліп, дәл осыған негізделіп, ажырасу санының артуында көрініс табатын ерлі-зайыптылар деструкцияларының ақылға қонымды алдын алу технологияларын құру керек.

*Тәрбие мен білім берудің бірқатар функцияларын цифрлық құрылғыларға ұсыну.*

Дамуы үдемелі түрде екпіндеп іске асып келе жатқан келесі өзекті тренд деп топ қатысушылары ата-аналар мен педагогтердің қатысуынсыз тәрбие мен білім беруді цифрлық құрылғыларға аудару процесін атады.

Аталған тренд сонымен қатар жаһандық сипатта болып табылады және дәл соның арнасында тұтастай білім берудің барлық деңгейлерін: мектепке дейінгі, мектептегі, мектептен кейінгі, арнайы орта, университеттік, университеттен кейінгі деңгейлерді қоса алғанда, оның бастапқы және кейінгі трансформациялары өтеді.

Төртінші өнеркәсіптік революция, бүкіләлемдік пандемия дағдарысымен, кәсіптік бағдарлар мен әлеуметтік табыстылық канондарының революциялық ауысуымен түбегейлі күшейтілген жаһандық цифрландыру жағдайларындағы жаңа білім беру парадигмасы білім беру коммуникацияларының объектілері мен субъектілеріне қағидаттық жаңа сұраныстар мен талаптарды

қалыптастырады.

Қазіргі заманғы жаһандық үрдістерде білім беру кеңістігі сондай-ақ экономикалық себептер мәжбүр ететін түрлі педагогикалық жүйелердің, тәсілдердің жарысындағы геосаяси мүдделер мәні ретінде шығады.

ҚР-да сол немесе өзге елдік тәсілдерді, стандарттарды енгізу бөлігінде ведомствоаралық диалогты ұйымдастыру өзекті болып табылады.

Финляндияның кәсіби глоссарийінде мектепке дейінгі білім берудің институционалдық деңгейінің ресми атауы «Early childhood education and care» болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру деңгейін анықтауда «care» (күтім, қамқоршылық) сөзі ерекше бөлініп көрсетілген. Финляндиядағы мектепке дейінгі сервис «EduCARE» моделінде іске асады. Онда білім беру өзекті, сонымен қатар балаға күтім, қамқоршылық көрсету де басым. Мектепке дейінгі білім берудің Финляндия жүйесіндегі доминантасы бақытты, көңілді, эмоционалдық позитивті, ойын ойнайтын және ойын арқылы өмірлік маңызды дағдыларға үйренетін бала болып табылады.

Финляндиядан Қазақстанға және басқа да Кеңес Одағынан кейінгі елдерге көшіру жүзеге асырылып жатқан өзекті өнім бала - ата-ана - педагог тұлғааралық өзара іс-қимыл жасасу технологияларының, техникаларының, тәжірибелерінің өзі болып табылады.

Америка мектепке дейінгі білім беру мен дамудың кәсіптік қоғамдастығының өнімі ECERS мектепке дейінгі балалар мекемелерінің мониторинг және сапа стандарттары болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім беру сапасын кешенді бағалау шәкілдері негізінде білім беру ортасының түрлі компоненттерін зерттеу жататын әдістемелер «отбасы» құралдарының бірі болып табылады. ECERS игеру мен енгізудің арқасында Кеңес Одағынан кейінгі елдердегі мектепке дейінгі балалар сервисінің сапалы жаңа деңгейге қайта жүктелуі жоспарлануда. Сертификаттау және мониторинг орталықтары ашылуда.

Осы тренд бойынша экспликацияны аяқтай отырып, Қазақстанға шетелдік серіктестерден іріктеліп алынған аспаптық-әдіснамалық трансфердің «себетінде» орналасқан өнімдер атауларының ерекшелігіне назар аударамыз. Бұл ретте отандық педагогика ғылымы мен тәжірибесінде пысықталған қазақстандық мазмұнды сақтап қалып, озық шетелдік тәжірибелердегі алтын өзекті айқындау – қазақстандық ғалымдар мен практиктердің стратегиялық міндеті. Осындай міндетті шешуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жарияланған прагматизм қағидаты іске асуы тиіс.

Форсайт-сессия қатысушылары «Дамыту орталықтары, бала бақшалар» трендтерінің тобын бөліп шығарды. Оларға мектепке дейінгі қамқоршылық, күтім, дамыту мен оқыту сервисін институционалдық дамыту саласындағы келесі нақты трендтер кіреді.

*Мектепке дейінгі балалар сервисінің институционалдық құрылымдарын бала бақшалардың баламасы ретінде арттыру.*

*«Бала бақша» классикалық институционалдық нысанының жаңа мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын көбейту.*

*Бала бақшаларда мектепке дейінгі білім беру педагогтерін кадрлық күшейтуге сұранысты арттыру және олардың тапшылығының орнын*

*толтыру.*

Форсайт-сессиялардың қатысушылары балаларға арналған мектепке дейінгі білім берудің дамыту орталықтары санының артуын белгіледі. Алайда олардың көптүрлілігінде қатысушылар сервисінің сапасы күмәнді мектепке дейінгі институттарды тіркейді.

Сондай-ақ қатысушылар бала бақшалар санының көбеюі трендін атап өтті. Бұл мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру нәтижесі болып табылады.

Жаңа мектепке дейінгі балалар мекемелерінің пайдалануға енгізілуімен негізделген жаңа жұмыс орындарын құру жаңа бала бақшалар үшін мамандарға қатысты еңбек нарығына сұранысты туындататыны сөзсіз. Қатысушылар мектепке дейінгі білім беретін педагогтерге үлкен сұраныстың бар екендігін көрсетті.

«Мектепке дейінгі балалар мекемелері мен отбасылық активитеттердегі білім беру тәжірибелерінің контенті» тобына келесі трендтер кіреді:

*Бала бақшаларда классикалық сыныптық-сабақтық жүйедегі оқу сабақтарының басым болуы.*

*Отбасылық активитеттердегі «гаджеттен тыс» форматтағы іс-қимылды, үстел үсті және өзге де ойындардың жетіспеушілігі.*

*Бала ата-аналар амбициясының нысанасы ретінде: мектепке дейінгі балаларды, әсіресе қалаларда, жасына сай келмейтін оқу сабақтарымен, секциялармен асыра жүктеу.*

*6 жасқа дейінгі балалардың шетел тілдерін үйренуіне ата-аналар қажеттілігінің артуы.*

*Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде тәрбиешілердің менторлық, тыйым салынған коммуникациялар түрінің басым болуы, педагогикалық өзара іс-қимыл жасасудың «эмоционалдық көңілді» және эмоционалдық еркін компонентін барынша азайту.*

*Бала бақшаларда дене шынықтыру мен таза ауадағы іс-қимыл ойындарының жетіспеушілігі.*

Форсайт-сессия қатысушылары «сыныптық-сабақтақ жүйеге» әуестенетін оқу және дамыту сабақтарының басым болуына қатысты трендке назар аударды. Бала бақшадағы оқу-әдістемелік жұмыс форсайт-сессия қатысушыларының бағалауы бойынша академиялық сабақтар жағына қарай ауытқып жүргізіледі. Бала бақшада мектептегі сабақтарға ұқсас сабақтар көп. Бала отырып, тілдерді меңгереді, оқуды үйренеді және т.с.с. Қатысушылардың пікірі бойынша академиялық жүктеме бала жасына сәйкес сипатта болуы тиіс. Ойын қызметі басым болуы керек. Қазіргі заманғы қазақстандық бала бақшаларда балалар таза ауада аз болады, дене шынықтыру, ойындар, іс-қимыл белсенділіктері де аз. Форсайт-сессия сарапшылары балаларды олардың дамуынан озып кететін зияткерлік жүктемелермен асыра жүктемеу керек деп есептейді.

Қазіргі уақытта қатысушылардың бағалауы бойынша қазақстандық бала бақшаларда баланың дамуынан озып кететін академиялық сабақтар (тілдер, оқу) санының көбеюі орын алуда.

Дегенмен де ата-аналардың өз баласынан аса көп күтуі және осы аяда оны қосымша сабақтармен асыра жүктеуі орын алуда. Әсіресе бұл қала

тұрғындарына тән болып келеді. Ата-аналар күтулерінің амбициялық топтамасы ерте балалық шақтан бастап шетел тілдерін үйрену қажеттілігін негіздейді. Топ қатысушылары балалардың қосымша сабақтармен жүктелуін арттыру ата-аналардың өздерінің балаларды жүктеп, асыра жүктейтіндігіне де байланысты екендігін атап өтті.

«0-6 жас аралығындағы балалары бар отбасылардағы заманауи ата-аналар мәдениеті» тобына келесі трендтер кіреді:

*Баласының өмір сапасы жоғары академиялық нәтижелерге бағдарлана отырып, оқу сабақтарымен асыра жүктеуден маңызды болып табылады деп санайтын ата-аналар санының өсуі.*

*Өз балаларын баламалы тамақтанудың, асыра діншілдіктің, ҚР-дан алыс шетелге кетудің өзгеше өмірлік сценарийлеріне тартатын ата-аналар топтары санының артуы.*

*Педагогикалық және тәрбиелік мәдениеттің деңгейі төмен, бала суық тиіп ауырған кезде және өзге де аурулар болған кезде оған алғашқы медициналық көмек көрсету мен оны күту қағидаларын біле бермейтін ата-аналар топтары санының өсуі.*

*Мектепке дейінгі балалар контингентінің денсаулығының ерекше мүмкіндіктері бар құрдастарына дұшпандықпен қарау деректері.*

Қатысушылар трендтердің аталған тобын талқылау үрдісінде отбасы және ата-аналар мәдениетінің балалар ұрпағының құндылық ұстанымдарын қалыптастыруға тікелей әсер етуінің аса маңызды екендігін атап өтті. Құндылықтарға тәрбиелеу доминантасы отбасының өзінде болады. Сондықтан дәл осы ата-аналарға ерекше көңіл бөлінуі керек.

Талқылау барысында сарапшылар «жүйкесі тозған академикке қарағанда бақытты пошта тасушы артық» ұстанымын басшылыққа алатын ата-аналар санының көбейгенін атап өтті, сондай-ақ «клише-стереотиптерді» («батысқа» көшіп кетуге ұмтылу (көші-қон), шикілей жеу, вегандық және өзге) ұстану секілді көптеген «біртүрлі өзгешеліктері» бар бала дамуының жобалаушылары болып табылатын ата-аналар саны артып келеді. Қатысушылар аса діншіл отбасылар санының артқанын көрсетіп, діндік отбасылық практикалардан белгілі бір ауытқушылық орын алып отырғанына назар аударды. Бұл мәселе өте сыпайы, күрделі, деликатты және құзыретті сарапшылармен қосымша консультацияларда дамытуды талап етеді. Сондай-ақ қатысушылар тәрбие беру білімдері бар ата-аналар санының азайғанын, сондай-ақ қызмет ету мен қарым-қатынас жасауды қоса алғанда, ата-аналар мен балалар арасында өзара іс-қимыл жасасудың, байланыстың төмендегенін және инклюзияға байланысты балалар арасында жанжалдар санының арту деректерін бөліп көрсетті.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚ 2035: БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ

Трендтерді, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді, перспективті технологиялар мен әлеуметтік өзгерістерді ұжымдық пысықтау нәтижесінде 2035 жыл көкжиегіндегі Балалық шақ болашағының бейнесі қалыптасты.

Жаһандық сипаттағы үрдістер, жергілікті қоғамдық трансформациялардың өзгешелігі оның бүкіл әлеуметтік және цифрлық көптүрлілігінде теңсіздіктің күшеюімен жақын арадағы уақыт көкжиектерінде көрініс табады. Теңсіздік ата-аналар контингентінің әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне және мектепке дейінгі балалар когортасы өкілдерінің психоэмоционалдық және соматикалық жай-күйінің ерекшеліктеріне тікелей әсер етеді. Алайда қиын өмірлік жағдайдағы әлеуметтік топтарға арналған технологиялық тұрғыдан сындарлы бастамалар, қоғамдық сананы жаңғырту үрдістеріне тартылған барлық акторлардың өзара іс-қимыл жасасу кешені мен жүйесіндегі түзетуші-дамытушы іс-шаралар әлеуметтік барометрді игілікке және орнықтылыққа қарай қайта жүктеуді жүзеге асыра алады.

«Мектепке дейінгі» деген терминнің өзі 2035 жылға қарай өзектілігін жоғалтып, 0-6 жас аралығындағы балалар тобының мағыналық жүктемесінен айырылуы мүмкін. 2035 жылға арналған болжамда жалпы білім беретін мектеп секілді әлеуметтік институтты қоса алғанда, білім беру сервистерін институционалсыздандыру ықтималдығы байқалады. Бұл тұтастай формальды білім беру ролінің төмендеуі аясында жүзеге асады.

Бала бақшалардағы даярлық «мектепке» дайындық болмай, үзіліссіз оқыту үрдісіне дайындыққа айналады, оның ұзақтығында жалпы білім беретін мекемелерге ұқсас белгілі бір білім беру деңгейлері бекітіледі, ал мектепке дейінгі білім беру оның үзіліссіз білім беру мен қоғамдық дамудағы түйінді, бастапқы ролін түсінуде басым орынды иеленеді.

Пандемия шындығында екпіндеп дамып келе жатқан жаһандық цифрландыру жағдайларында мектеп институты дәстүрлі сынып-сабақ-пән түсінігіндегі мұғалімдер штатын қоса алғанда, өзінің классикалық институционалдық нысанын жоғалтуы мүмкін.

Қазіргі ата-аналардың мектеп сервистері көрсететін қызметтерден толық бас тартуын (unschooling) қоса алғанда, оның барлық көптүрлілігінде балаларды үйде оқытуға (homeschooling) ауыстыру бастамалары күшейіп, сертификаттау құжаттарының нысандары мен тәсілдерін қоса алғанда, өз баласын оқыту мен дамыту тәсілдеріне ата-аналар сұраныстарының жаңа сапасына ие болады.

Пандемиялық «қара аққу» мектеп жасындағы балалары бар отбасылардың барлық негізгі жиынтығын қашықтықтан үйде оқытудың қиындықтарына тап болдырып, осы арқылы ковидке дейінгі кезеңде қалыптасқан оның артықшылықтарының тізбесін шайқалтып жіберді. Алайда бұл жалпы білім беруді институционалсыздандыру перспективаларын мүлдем төмендетпейді.

Сондықтан да «мектепке дейінгі» балалық шақ термині өзінің қазіргі мағынасын 2035 жылға қарай жоғалтуы мүмкін. Бала бақша балаға қамқоршылық көрсету, күтім жасау, оны дамыту жөніндегі институционалдық мекеме ретінде сервис технологиялары, материалдық-техникалық базасы

бөлігінде өзгеруі ықтимал. Дегенмен де ол дәл осы институционалдық формат ретінде қалады, бірақ педагогикалық технологиялар, ұйымдастырушылық қабілеттер мен әкімшілік өзгешеліктері жаңа сапада болады. Оның институционалдығы неғұрлым орнықты болмақ.

Цифрлық орта өзінің барлық сөзсіз ілгерінді артықшылықтарында балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін бірдей жақсы бола бермейді. «Гаджеттен тыс» ортада әлеуметтік бейімделу қиындықтарын, дигиталды бағдарланған әлемде отбасы мен баланың күнделікті өмірінің жаңа шындығына негізделген психофизиологиялық девиациялар серпінің өсуін талқылау барысында сарапшылар бірауыздан айқындады. 0-6 жас аралығындағы балалардың психикалық осалдығының күшеюін, сөйлеуін дамытудағы ауытқушылықтарды ерекше атап өтті.

Цифрлық әлем қазіргі замандағы сәбидің өміріне кірді және онда үнемі қала бермек. Одан кейін гаджеттер пайдаланушыларының когортасына кіру жасы төмендей береді. Ата-аналардың тыйым салу мәдениеті ғана не болмаса балалар игілігіне нормативтік қадағалау тарапынан болатын қандай да бір шектеу шаралары кедергі бола алады. Олардың біреуі баланың цифрлық қауіпсіздігіне және кибербуллингтің алдын алуға қатысты Бала құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға қабылданған нақтылау болып табылады.

Цифрлық сауаттылық басты жиынтыққа қатысты ең кең іріктеу мектеп жасындағы балалардың ажырамас құзыретіне айналады. Осының аясында ересек адамдарға цифрлық құзыреттілік бөлігінде талаптар арта түседі. Балалар мен ересектер гаджеттерді пайдалану бөлігінде «бір тілде сөйлейтін» болады, X, Y, Z ұрпақтарының цифрлық мәдениетіндегі ұрпақ аралық ажырау толық жойылатын болады. Алайда топ қатысушылары осының аясында аталған жағдайлардағы ересек адамдар беделінің төмендеуін белгілейді. «Гаджеттен тыс» түсінік бөлігінде «Пікірлер теңдігі» жанжалдық беталыстардың күшеюі сараптаманың шеңберінен тыс шығып кетеді. Бала құзыреті моделінің түбегейлі өзгеруі орын алатын болады. Цифрлық кеңістікті гуманистік тұрғыдан өлшеу адам мекендеуінің цифрлық ортасына сындарлы да, игілікті нәрселерді әкеледі. Тірідей бетпе-бет қарым-қатынастың азаюы аясында тәрбие беру мәдениетінде цифрлық технологиялар ролінің күшеюі және соның салдары ретінде әлеуметтік дағдылардың көмескіленуі жүзеге асатын болады.

Стандартты емес ойлау үлгісі бар балалар үлесінің артуы орын алуда және олардың саны көбейе береді, соның салдарынан сананың өзгертілген жай-күйлеріне қатысты «норма – норма емес» арасындағы шекаралар толық шайылатын болады. Айналадағы дүниені жаһандық өлшеу нысандарына ауыса отырып, эксаумақты қабылдау күшейе түседі.

Педагогикалық технологиялық «кітапхана» толық «цифрға» қайта жүктелетін болады. Қазір біз менторға, цифрлық мұғалімге қоғамдық сұранысты арттыратын цифрлық білім беру технологияларының серпілісті өсуін және МЖБС декларациялық тізімдерінде ғана емес, іс жүзінде кең құзыреттер спектріне ие «супер ата-аналар» туралы мәселенің қойылуын қадағалап отырмыз.

Бейресми білім берудің мәні өскен сайын баланы басқару мен бақылауды арттыруды негіздейтін цифрлық тәжірибелер де көбейеді. Дегенмен де осының

аясында қатысушылар мұғалімдерге сенімнің төмендейтінін белгілейді. Балалық шақ саласындағы негізгі трендтер осындай.

Оларды жеті мега-трендке біріктіруге болады:

Біріншіден, балалар когортасының дигитализациялық аспаптық акселерациясы және ерте «цифрлық» есеюі.

Екіншіден, ересектердің және білім беру ортасының институционалдық құрылымдарының репертуарлық-рольдік ресурсының трансформациясы. Бұл ата-аналар мен педагогтер беделінің төмендеуі, ересектерге білімнен тыс талаптардың артуы, мұғалімдерге сенімнің азаюы арқылы көрініс табады. Осының аясында тәрбиелеу және бейресми білім беру мәдениетінде цифрлық технологиялардың ролі арта түседі.

Үшіншіден, когнитивтік орта мен стандартты емес, креативті ойлауға алғышарттардың өсуі орын алады.

Төртіншіден, жаһандану өзгешелігі.

Бесіншіден, күнделікті өмірде виртуалдық коммуникацияның басым болуы.

Алтыншыдан, басқару мен бақылауды арттырудың цифрлық ресурстары.

Және жетінші мега-тренд цифрлық теңсіздікті қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке қатысты болып табылады.

Қалыптастырылған трендтер 3, 5, 10 жыл (2031 жыл) көкжиегіндегі болашақ нысаны болып табылады және цифрландыру мен жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты дамуда. Трендтердің басым бөлігі жақын және орташа көкжиекке жатқызылған, 5 жылдан кейін көрініс табады.

Болашақ бейнесін қалыптастырған кезде қатысушылар сипаттау тәсілін қолданды. Ересектердің: ата-аналардың, педагогтердің пайымы арқылы болашақтың визионерлік бейнесі шықты. Сарапшылар Қазақстандағы балалық шақтың болашағын жаһандық трендтер: цифрландыру мен 4.0 өнеркәсіптік революцияға жауап ретінде болжамдады.

Шамамен алғанда 2026 жыл мен 2031 жыл аралығында сарапшылар оның негізгі, түйінді акторлары – отбасы мен ата-аналарды қоса алғанда, Балалық шақтың келесі бейнесін қалыптастырды.

- Отбасы және ата-аналар институты тьютор-навигация функциясымен толықтырылады және қоғам жұпта балалардың пайда болуын ұсынатын немесе одан бас тартатын болады. Ата-аналарды өз ролін атқаруға үйретеді немесе мемлекет/әлеуметтік институттар осы рольдерді алып қояды/толықтырады. Ата-аналар мен балалық шақтың ересек адамдардың әлеуметтік рейтингісінен тәуелділігі.

- Халықтың мегаполис қалаларда шоғырлануы және ата-аналардың/балалардың мінез-құлқын корпорациялардың/қалалардың/мегаполистердің қажеттіліктеріне негізделе отырып жобалау.

- Көшбасшы-супер адамдар мінез-құлық модельдерінің, ойын/квест қағидаларының таратушылары ретінде.

- Халықтың қоғамдастықтарға/виртуалдық қоғамдастықтарға/қосалқы мәдениеттерге жеке-даралануы, желілік мезо-құрылымдардан қашуы. Қоғамдастық түсінігінің өзгеруі және адамдардың өзара іс-қимыл жасасуының осы нысанының жаңадан оқылуы. Ата-аналардың өзінің жергілікті

қоғамдастықтарының әсерімен навигациялау функцияларын белсенді игеруі.

- Бала бақшалар – ата-аналар мен балалар тьютор-оқытушының қадағалауымен ата-ана болуды жаңа дағдыларын толықтыратын коворкинг-орталықтар ретінде.

- Қоғамның Интернет байланысына, электрге қатты тәуелділігі.

- Екінші цифрлық тұлғасы – аватарлар әрбір бала – ата-ана үшін әдеттегі құбылысқа айналады.

- БҰҰ-ның балалар тақырыбы бойынша іргелі құқықтық құжаттарды қайта қарауы және жеке тұлғаны оның цифрлық толықтыруы – аватармен толықтыру.

- Мемлекеттің «бөтен» цифрлық өнімдер мен сервистерді тұтынуына жол бермеуі жөніндегі белсенді ролі. Сәйкестендіру дағдарысын болдырмаймыз.

- Цифрлық сервистерге кең қол жеткізу қоғамдағы теңсіздік проблемасын жойған жоқ. Кейбір көрсетілетін қызметтер әлі де әрбір балаға қолжетімді емес.

- Компаниялар өз цифрлық сервистерін балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне бейімдейді, бұл оларға неғұрлым үйлесімді және жан-жақты дами отырып, белсенділік үлгісін үнемі өзгертуге мүмкіндік береді.

- Балалар өз дүниетанымын қаламен немесе мемлекетпен шектемей, өздерін үлкен ғаламшарлық жүйелердің бір бөлігі ретінде сезінеді. Балаларды дамыту нысандарының әртүрлілігі ұлғая түседі.

- Балалық шақ шынайы және цифрлық әлемдегі тартымды саяхатқа айналуға. Ол бірыңғай тұтастыққа бірігеді, бұл балаға жаңа, алдыңғы ұрпақтарда болып көрмеген дағдылар мен қабілеттерді алуға/игеруге мүмкіндік береді.

- Білім беру және педагогика сапалы жаңа нысандарға ие болып, пайдалы сервистер/бағдарламалар/ойындар/курстар көптүрлілігінде көрініс табады. Балаларға арналған әрбір цифрлық өнім осы саланың жалпы қағидаларына қарама-қайшы келмейтін білім беру мен тәрбиелеудің элементтерін жеткізеді.

- Ата-аналар жауапкершілігінің артуы. Ата-аналар кәсіпке және жекелеген қызмет түріне ұқсас болады. Ересек жұптарды баланы тәрбиелеуге дайындау курстары/мектептері барынша сұранысқа ие болады.

Сарапшылар цифрлық ортаның тілдік көптүрлілігі арқылы бәсекеге қабілеттіліктің маңыздылығын атап өтті. Қазақ тілді, орыс тілді және ағылшын тілді аудиториялар үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі цифрлық орта мен өнімдерді бейімдеу ұсынысы.

Саналы ата-ана болу басты тренд болады. Саналы ата-ана болу немесе тәрбиелеу төзімділікке, (өзара)түсіністікке және саналыққа негізделген. Және де, ең бастысы, саналы ата-ана болу өздері қабылдайтын ата-аналық шешімдерге саналы көзқарасты болжайды. Сонымен қатар бұл ата-аналарға ғана емес, педагогтерге де қатысты болады. Басқа сөзбен айтқанда, формула келесі түрде болады: саналы ата-аналар + саналы педагогтер = саналы балалар («Атаңның баласы болма, адамның баласы бол»).

Әлемдік мегатрендтердің балаларға, ата-аналарға, балаларды тәрбиелеу мен білім беруге әсеріне қатысты, бірінші кезекте, жаһандану және цифрландыру туралы сөз қозғалады. Аталған трендтер баланы дамыту мен тәрбиелеу үшін материалдардың, білімдер мен құралдардың қолжетімділігі



тұрғысынан ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты жою (негізгі тәсіл – негізінен білім мен тәжірибе алмасу жүзеге асырылатын интернет арқылы) секілді факторлар тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Сондай-ақ заманауи білім беру және тәрбиелеу технологиялары мен әдістемелерінің арқасында бұл үрдіс ішінара немесе толық ойынға айналдырылуы мүмкін немесе оқыту/тәрбиелеу ойын арқылы жүргізіле алады.

Алайда қазіргі заманғы технологиялардың жеделдетіп енгізілу үрдісіне және бұрын айтылған мегатрендтердің әсеріне қарамастан, ата-аналар (оның ішінде саналы ата-аналар) технологиялар мен ұлттық құндылықтардың сабақтастығы арасындағы теңгерімге ұмтылатын болады.

Саналы ата-ана болудың «трендке айналуына» қарамастан, отбасының функционалдығы бірқатар әсер етуші факторлардың ықпалынан төмендейді. Ондай факторлардың бірі ата-аналардың жұмысбасты болуына (24/7 жұмыс жасау) байланысты болады. Аталған деректен баланы тәрбиелеу мен оған білім беруге жеткіліксіз көңіл бөлу (уақыт жетіспеушілігі) проблемасы туындайды.

Саналы ата-ана болу феноменінің пайда болуына қарамастан, көптеген дәстүрлі тәрбиелеу стильдері де трендте болады. Болашақ бейнесінде сарапшылар осындай ата-аналарды негізгі екі типке бөлуге болады деген пікірге келді. Бірінші типі балаларды толық бақылауда және қаталдықта тәрбиелейді. Балаларын барлық мүмкін үйірмелер мен секцияларға жазады, баланың бос уақыты барынша аз болады. Ата-аналардың уәждемесі аталған тәсіл – балаға қамқоршылық көрсету және оның жоғары жетістіктерін қалау призмасы болып табылады.

Ата-аналардың екінші типіне қатысты олар баласына үлкен таңдау еркіндігін береді. Бала өзі немесе ата-аналарымен бірге айналысатын іс пен шығармашылық саласын таңдайды. Ата-аналар балаға бақыт пен рахат әкелетін шығармашылық пен дамудың барлық мүмкін салаларын ұсынуға дайын.

Қазіргі заманғы қоғамның басқа тренді немесе «бәлесі» ата-аналарының біреуі баланы дамыту және тәрбиелеу үрдісіне тартылмаған немесе толық тартылмаған толық емес отбасылар феномені болып табылады. Толық емес отбасылар бүгінгі таңда – маңызды проблема, бұл, бірінші кезекте, толыққанды тәрбиені ата-ана талап етілетін деңгейде бере алмайтындығына байланысты. Екінші ата-ананың болмауы қамқоршы ата-анаға қиындық тудырады, атап айтқанда өз уақытын тепе-тең бөле алмайды, осыдан тәрбиенің жетіспеушігі шығады, оның жетіспеушілігін материалдық түрде өтеуге тырысады не болмаса мүлдем өтемейді. Дегенмен де көңіл бөлуге деген негізгі қажеттіліктің орны толтырылмайды, бұл осының негізінде әртүрлі бұзушылықтардың (физикалық та, сол секілді психологиялық та) туындауына әкеліп соғады. Аталған жағдайдағы проблема осы бұзушылықтардың туындауы емес, оларды норма ретінде қабылдауы болып табылады. Осындайлар өзіне ұқсас адамдарды дүниеге әкелетін қоғамның дисфункционалды мүшелерінің артуына алып келеді.

## Библиография

1. Әлеуметтік-гуманитарлық перспективадағы ХХІ ғасырдың балалық шағы: жаңа теориялар, құбылыстар мен түсініктер: ұжымдық монография / ғылыми ред. С.Н. Майорова-Щеглова – М.: РОС, 2017. – 203 б.
2. «Қазақстан балалары» статистикалық жинағы (бұдан әрі – Жинақ), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің бірлескен бастамасының арқасында алғаш рет 2017 жылы әзірленген және басып шығарылған.
3. Ванхемпинг Э.Г. «Цифрға» секіру: жаһандық дигитализация жағдайындағы білім берудің трансформациясы: монография / Э.Г. Ванхемпинг, С.В. Сальцева А.С. Сейдуманова — СПб.: Жоғары оқу орындарының баспа#полиграфиялық қауымдастығы, 2020. — 284 б.
4. Гнатышина Е.В. Цифрландыру және цифрлық мәдениеттің қалыптасуы: әлеуметтік және білім беру аспектілері / Е.В. Гнатышина, А.А. Саламатов // Челябинск мемлекеттік педагогика университетінің хабаршысы. – 2017. – № 8. – С. 19-24.
5. ECERS-R шәкілдерінің ресми ресейлік баспасы, «Ұлттық білім» баспасымен жүзеге асырылды (ағылшын тілінен аударма И.Ю. Облачко, баспадан алғысөз В.К. Загвоздкин, апробацияны ұйымдастырушылардан алғысөз Е.Г. Юдина, Т.Г. Шмис, И.Б. Шиян, О.А. Шиян).<http://ecers.ru/Шиян> О.А., Воробьева Е.В. Білім беру сапасын бағалаудың жаңа мүмкіндіктері: ECERS-R шәкілдері Ресейде апробациядан өткізілді // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2015. – №7. – Б.38–49.
6. Веракса Н.Е., Веракса А.Н. Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау: шетел тәжірибесі // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2011. – №3.
7. Шеридан Соня. Педагогтердің кәсіпқойлығын дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру // Заманауи мектепке дейінгі білім беру. Теория және практика. – 2011. – №3.
8. Шиян О.А. Баланы дамыту диагностикасы: өлшеу құралының проблемалары. Арканзас штатының (АҚШ) мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәжірибесінен // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2008. – №4.
9. Шиян О.А. Мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы жаңа түсініктер және оны қолдау тетіктері: халықаралық мәнмәтін // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2013. – №5.
10. Шмис Т.Г. Біздің бала бақшалар сыртынан инновациялық, ішінен – дәстүрлі / Т.Г. Шмиспен сұхбат // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2013. – №6. – Б. 20–22.
11. Юдина Е.Г., Рубцов В.В. Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі заманғы проблемалары // Психологиялық ғылым және білім. – 2010. – № 3. – Б. 5–19.
12. Юдина Е.Г. Стандарт мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ықтималды өзгерістерді ескере отырып, ұзақ уақытқа және маңызды түрде

жасалған // Заманауи мектепке дейінгі білім. Теория және практика. – 2015. – №5.

13. Developmentally Appropriate Practices for Young Children: Recommendations for Teaching Practices // Learning to Read and Write: Developmentally Appropriate Practices for Young Children. 1998.

14. Clifford S. M., Reszka S., Rossbach H. Reliability and Validity of the Early Childhood Environment Rating Scale // FPG Child Development Institute, University of North Carolina at Chapel Hill, USA

15. Harms T., Clifford R.M., Cryer D. Early Childhood Environment Rating Scale (ECERS-R) Revised Edition, 2005.

16. Perlman M., Zellman G. L., Vi-Nhuan Le. Examining the psychometric properties of the Early Childhood Environment Rating Scale-Revised (ECERS-R) // Elsevier, Early Childhood Research Quarterly 19 (2004) 398–412.

17. Pramling Samuelsson I., Sheridan S. Williams P. Five preschool curricula—Comparative perspective. // International Journal of Early Childhood, 2006, Vol.38.

18. Sheridan S., Giotta J., You-Me Hanb, Jeong-Yoon Kwonc A cross-cultural study of preschool quality in South Korea and Sweden: ECERS evaluations // Early Childhood Research Quarterly 24 (2009) 142–156.

19. Sylva K., Siraj-Blatchford E., Taggart B. Ecers-E: The Four Curricular Subscales Extension to the Early Childhood Environment Rating Scale (Ecers), Fourth Edition with Planning Notes Spiral-bound – November 14, 2010.

20. Sylva, K., Melhuish, E., Sammons, P., Siraj-Blatchford, I., & Taggart. B. (2004). The Effective Provision of Pre-School Education (EPPE Project). Technical Paper 12. London: Department for Education / Institute of Education, University of London.

21. Tietze W., Cryer D., Bairrão J., Palacios J., Wetzel G. Comparisons of observed process quality in early child care and education programs in five countries// Early Childhood Research Quarterly, Volume 11, Issue 4, December 1996, 447–475.

22. Zachopoulou E., Grammatikopoulos V., Gregoriadis A., Gamelas A., Leal T., Pessanha M., Barros S., Liukkonen J., Loizou E., Henriksen C., Sanders Olesen L., Ciolan L. Comparing aspects of the process quality in six european early childhoog educational settings // 6th International Conference of Education, Research and Innovation. Conference abstracts. Seville. Spain/ 2013.

23. N. Whitehurst G. J. Lonigan C. J. Child Development and Emergent Literacy// Child Development, June 1998, Volume 69, Number 3, 848-872.

24. Selected Research on the ERS and Early Childhood Program Quality

## 1-топтың жинау нәтижелері

Тақырыбы: «0-6 жас аралығындағы балаларға білім беру және дамыту»

Модераторлар: Олег Мецик, Саясат Нұрбек

Жинақтаушы: Ербол Сағатов

### Субъектілер (түйінді субъектілер):

1. Балалар
2. Ата-аналар
3. Педагогтер
4. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері (МБМ)
5. Қосымша мектепке дейінгі білім беру және дамыту орталықтары
6. Мектепке дейінгі жастағы балалар сервисінің айналасында жасалған кез келген бизнес түрі.

Әлеуметтік әрекеттің объектілері мен субъектілері ретінде мектепке дейінгі қызмет көрсету топтары		Мектепке дейінгі қызметтің институционалдық құрылымдары (білім, қамқорлық, даму) Тәжірибе ретіндегі мектепке дейінгі оқыту	
Балалар	Балалар тобының әлеуметтік құрылымы	Мемлекеттік сектор Балабақшалар Балаларға мектепке дейінгі қосымша білім беру мекемелері	Бизнес секторы Балабақшалар Балаларға мектепке дейінгі қосымша білім беру мекемелері
Ата-аналар	Ата-аналар когортасының әлеуметтік құрылымы	ҰЕҰ (үшінші сектор) Балаларды дамыту орталықтары	Діни ұйымдар
Оқытушылар	Педагогикалық топтың әлеуметтік құрылымы	Академиялық пән ретіндегі мектепке дейінгі оқыту Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандарды даярлауға және қайта даярлауға жетекшілік ететін институттық құрылымдар	
Ғылым ретіндегі мектепке дейінгі оқыту Зерттеу жұмысы, тәуелсіз ізденіс. Мектепке дейінгі білім берудегі PhD бағдарламалары.		Мемлекеттік сектор Университеттер, орта мектептер,	Халықаралық ұйымдар мен ҰЕҰ
Ғылыми-зерттеу институттары сияқты тәуелсіз зерттеу орталықтары САНДж, ЦЕССИ-Қазақстан, ЗУБР және т.б.		НИИ	
Мемлекеттік сектор. Университеттер, ғылыми-зерттеу институттары. Ғылыми кадрларды аттестациялау	Үшінші сектор. ЮНИСЕФ, халықаралық ұйымдар	Университеттен тыс саланың бизнес құрылымдары	

Субъектілер үшін қауіп-қатерлер/мүмкіндіктер:

	Қауіп / Мүмкіндік	Субъект	Тренд
1	Қауіп – жаңа білім беру немесе тәрбиелеу бағдарламасы бойынша жұмыс істеу қиынырақ	Оқытушылар	4
2	Қауіп – қазақша сөйлейтін мұғалімдердің жетіспеушілігі	Білім беру ұйымдары	3, 4
3	Мүмкіндік – тар мамандандырудан өту, еңбек нарығында одан әрі бәсекеге қабілетті болу үшін оқуды аяқтағаны туралы сертификаттар алу.	Оқытушылар	3,4
4	Қауіп – өмірдің барлық аспектілерінде баланың дер кезінде дамуға қажетті мүмкіндіктердің жіберіп алуы.	Ата-аналар	1, 5
5	Мүмкіндік – заманауи тәсілдер мен әдістерді пайдалана отырып, дарындыларды дер кезінде анықтау және кейіннен дамыту.	Балалар, ата-аналар	3, 4
6	Мүмкіндік – білім беру қызметтерінің желісін (ассортиментін) кеңейту.	Бизнес	3, 4
7	Қауіп – мұғалімдердің жетіспеушілігі және бәсекелестердің арбауы.	Білім беру ұйымдары	3, 4
8	Қауіп – баланың шамадан тыс жүктелуі (оқулар, қосымша үйірмелер және курстар).	Балалар, ата-аналар	4
9	Қауіп – білім беру қызметінің сапасының нашарлауы.	Балалар, ата-аналар	4

### Технологиялар тізімі:

1. Ойын технологиялары, білім беру мен тәрбиелеуді ойынға айналдыру
2. Робот-педагог

### Форматтар мен саясаттар тізімі:

1. Ата-аналармен педагогика тұрғысынан ликбез өткізу, онда педагогтер балалармен, сол сияқты ата-аналармен де жұмыс жасайды.
2. Педиатр дәрігерлер үшін – білім беру бағдарламаларына «Балалардың неврологиялық ауруларының диагностикасы» қосымша модулін енгізу.
3. Педагогтерді даярлау моделіне өзгерістер енгізу қажет (үлгілік оқу бағдарламаларын қайта қарау, цифрлық сауаттылық бойынша модульдер енгізу).
4. Педагогтерді әдістемелік қолдау. Мұғалімді инклюзивтік білім беру жағдайларында әдістемелік даярлаудың мәні ерекше білім беру мұқтаждықтары бар білім алушыларды дамыту мен әлеуметтендірудің неғұрлым тиімді жолдарын іздеу мақсатымен мұғалімдердің білімдері мен икемділіктерін жүйелі өзгерту болып табылады.
5. Қазақ тілді контентті әзірлеу: ойындар, бейнеконтент.
6. Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу бойынша ҒЗИ – қолданбалы зерттеулер институттарын құру, олар жоғары сапалы және маңызды зерттеулерді жасау және тарату арқылы кіші жастағы балаларға қатысты

бағдарламалар мен саясатта тең құқықтылықты ілгерілетуге және қолдауға бағытталған көптеген ағымдағы жобаларды іске асырады. Осындай түрдегі зерттеулер мектепке дейінгі білім беру саласы үшін өмірлік маңызды болып табылады, өйткені мектепке дейінгі білім беруді жақсартуға және өзі қызмет ететін балалардың өмірін жақсартуға көмектеседі.

7. Теория мен тәжірибенің байланысын жолға қою қажет, онда маманның дипломдық жұмысы нақты шынайы проблеманы шешуге негізделеді (case study).

8. Олардың көмегімен ата-аналар тәрбие беру үрдісінің толыққанды қатысушылары болатын іс-шараларды өткізу қажет. Алуан түрлі оқытуға және мектептен тыс қызметке қатысып және оған ықпал ете отырып, ата-аналар балалардың жалпы оқуы мен білім алуында маңызды факторға айналады.

9. Бірыңғай, тәуелсіз тексеру органын құру (мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің дипломдарын, бала бақшалардың жалпы қызметін тексеру).

10. «Қазақстандық» жаңа білім беру жүйесінің, тәсілдің негізі ретінде. Мысал: қазіргі кезде бала бақшада балаларды отансүйгіштікке баулиды, алайда мектепте аталған отансүйгіштік рухына қолдау көрсетілмейді, ол жоғалып кетеді. Осы проблеманы жою қажет.

11. Білім беру және тәрбие беру мекемелерінің менеджерлері мен басшыларын кәсіптік даярлау.

12. Қазақ тіліндегі тәрбиелік және білім беру әдістемелері ашық қолжетімділікте – бірыңғай ресурс/тұғырнама/медиаатека.

13. Ата-аналардың физиологиялық және психологиялық скринингтерін өткізу.

14. Ата-аналардың бала өміріне неғұрлым белсенді қатысуы. Және жұмыс беруші өз мүддесінің пайдасына аталған маңызды үрдіске бөгет жасай алмауы үшін ата-аналардың құқықтарын заңнамалық түрде бекіту қажет.

15. Ата-аналардың қатысуымен мектепке дейінгі іс-шаралар тегін ұйымдастырылатын коммерциялық жобаларды енгізу.

16. Консультациялық пунктер сүйемелдеу пунктері (емханалар және т.б.) болуы тиіс – Ата-аналар мен мектепке дейінгі мекемелердің барынша тиімді өзара іс-қимыл жасасуы үшін бірыңғай ата-аналар университеті – «Өркендеу» бағдарламасы.

17. Саналы ата-ана болудың бірыңғай цифрлық ресурсы.

18. Балалармен жұмыс жасайтын жұмыскерлерді күшейтілген тексеру. Гувернант институтын жасау (Британия үлгісі бойынша).

## **2-топтың жинау нәтижелері**

Тақырыбы: «Балалар цифрлық кеңістікте. Бала және гаджеттер»

Модераторлар: Василий Климаков, Людмила Бурлаченко

Жинақтаушы: Әнуар Әлмағанбетов

### **Субъектілер:**

- Ата-аналар

- Отбасы (отбасы ұрпақ ретінде)
- Педагогтер (мұғалімдер)
- Бала бақшалар
- Мемлекеттік органдар (нақты операторлар мен субъектілерсіз).

Қосымша субъектілерге қатысушылар мүддені білдіретін және цифрлық кеңістіктегі қауіп-қатерлермен және тәуекелдермен байланысты ретінде атап өткен 3 субъектіні жатқызуға болады:

- Азаматтық қоғам;
- Желілік қоғамдастықтар;
- Қосалқы мәдениеттер.

### Мүмкіндіктер және қауіп-қатерлер

№	Мүмкіндіктер	Тренд(тер) №	Субъект(ілер)
1.	Отбасыдан тыс абырой-бедел	№1	Балалар
2.	Жаңа дағдылар траекториялары	№2	Балалар
3.	Жаңа білімге қол жеткізу	№2	Балалар, ата-аналар
4.	Жаңа кәсіптер – менторлар, тьюторлар, цифрлық мұғалімдер	№2	Педагогтер
№	Қауіп-қатерлер	Тренд(тер) №	Субъект(ілер)
1.	Деструктивті мінез-құлыққа тартылу	№1	Балалар
2.	Цифрлық кеңістікте басымдықтарды таңдау күрделілігі	№1	Балалар
3.	Балалардың тәрбиесін бақылауды жоғалту	№2	Ата-аналар
4.	Негізгі құндылықтардың шайылып кетуі	№2	Балалар
5.	Балалардың білімін бақылауды жоғалту	№2	Ата-аналар, педагогтер

Жұмыс барысында сарапшылар тобы негізгі 2 **технологияны** ұсынды:

- 1) Навигация – ата-аналар мен мемлекетке арналған шәкіл.
- 2) Ауруды анықтау және оны жою тәсілдерін жасау.

### Форматтар және саясаттар.

Сессия қатысушыларының пікірі бойынша барлық қатысушылар үшін жаңа тұғырнамаларды әзірлеу, түр қауіпсіздігін арттыру, жаңа оқыту форматтарын жасау жөніндегі бірқатар міндеттерді шешуге бағытталатын **форматтар** дамитын болады. Былай деп белгіленді:

- 1) Навигатор – мемлекет;
- 2) Бала бақшаларда/ мектептерде жеке траекторияларды мониторингтеу;
- 3) Кәсіби ата-аналар болу;
- 4) Бала бақшалар коворкинг-орталықтар ретінде;
- 5) Заманауи оқыту бағдарламалары бар баламалы жеке меншік мектептер/бала бақшалар;
- 6) Мұғалімдерді оқыту бағдарламаларына жаңа талаптар.

Сондай-ақ қатысушылар мынадай форматтарды бөліп көрсетті: *базалық ұғымдар – ликбез және нарықтық әдістер*. Қатысушылар білім берудің базалық ұғымдары және жеке-дара өзіндік сана мен білімді қалыптастыратын нарық рөлі қажет деп есептейді. Сонымен қатар сарапшылар кибербуллингке қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған форматтарды ұсынған жоқ.

Саланың қызметі үшін негізгі **саясаттар** ретінде сарапшылар мыналарды ұсынды:

- 1) Тьюторлықты заңнамалық реттеу.
- 2) Бейресми білімді реттеу.
- 3) Тез сертификаттаудың икемді жүйелері.



**«ҚР-да қоғамдық дамуды форсайттық зерттеулер»  
оқу курсы (пәні) бойынша силлабус**

Әлеуметтік-гуманитарлық, педагогикалық мамандықтар бойынша бакалаврлар мен магистрлерді даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде, мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік және жергілікті басқару саласы мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары үшін элективті курс (элективті курсқа модуль) ретінде ұсынылады.

Курстың (модульдің) мақсаты – қоғамдық дамудың қолданбалы зерттеулерінің заманауи әдіснамасында тыңдаушылардың, студенттердің құзыреттіліктерін арттыру.

**Тақырыптамасы және сағаттар саны**

<b>Теориялық модуль: Форсайттық зерттеулердің әдіснамалық негіздері, тарихы мен теориясы</b>	
Форсайттық зерттеулердің әдіснамалық негіздері, тарихы мен теориясы	1
Шетелдік елдерде форсайттық әдістерді ілгерілетудің институционалдық құрылымдары мен ұйымдастырушылық алаңдары	2
ҚР-да ғылыми тану және қоғамдық даму әдістерін әдіснамалық жіктеудегі форсайттың орны	2
<b>Қолданбалы модуль: Rapid Foresight зерттеу тәжірибесінің техникалары мен тәсілдеріне дидактикалық иммерсингтің тиімділігі</b>	
Зерттеу техникасының offline форматтағы өзгешелігі, рәсімдері, кезеңдері, алгоритмі	4
Зерттеу техникасының online форматтағы өзгешелігі, рәсімдері, кезеңдері, алгоритмі. Мәтінді және түсіндіру монологтарын барынша азайту.	4
Пилоттық ойын жағдайларына интерактивті кірігудегі оқыту қағидаттары. Иммерсинг пен интербелсенділікке қайта жүктеу.	4
<b>Жобалық модуль. Форсайт-сессиялардың offline және онлайн пікірталастарында коммуникациялық кеңістікті ұйымдастыру</b>	
Форсайт-сессиялар барысында онлайн коммуникациялардың үлгісінде зерттеушілік және оқытушылық тәжірибелердегі онлайн коммуникациялар әдістемесі	5
Rapid Foresight әлеуметтік зерттеудің әдістемелік тұғырнамасына енгізу: жобалық тәжірибелер	5

**Теориялық модуль: Форсайттық зерттеулердің әдіснамалық негіздері,  
тарихы мен теориясы**

Форсайттық зерттеулердің әдіснамалық негіздері, тарихы мен теориясы. ҚР қоғамдық даму саласында форсайттық зерттеулерді өткізу өзектілігі. Халықаралық ұсынымдар. Шетелдік елдерде форсайттық әдістерді ілгерілетудің институционалдық құрылымдары мен ұйымдастырушылық алаңдары. Ғылыми тану және қоғамдық даму әдістерін әдіснамалық жіктеудегі форсайт орны. Ғылыми тану әдіснамасы және ғылыми танудың нақты салаларын тану әдістері. Пәнаралық және пәндік тар әдістер. Сапалық және сандық зерттеу әдістері туралы түсінік. (Блиц-дайджест: Әлеуметтанудағы

зерттеу әдістері. Психологиядағы зерттеу әдістері. Менеджменттегі зерттеу әдістері. Педагогикадағы зерттеу әдістері. Саясаттанудағы зерттеу әдістері). Қоғамдық дамудың зерттеушілік тәжірибелеріне әдіснамалық тәсілдердегі заманауи трендтер. Активистік зерттеулер дүниежүзілік әлеуметтік ғылым мен әлеуметтік өзгерістер тәжірибесіндегі жаңа тренд ретінде. Форсайт қоғамдық дамуды стратегиялық зерттеудің сапалы активистік әдісі ретінде. Әлеуметтік зерттеулердің болжамдау әдістері. Форсайт және прогностика.

### **Қолданбалы модуль: Rapid Foresight зерттеу тәжірибесінің техникалары мен тәсілдеріне дидактикалық иммерсингтің тиімділігі**

Болжамдау тәжірибелерінің орыс тілді өрісіндегі форсайттық зерттеулер. Rapid Foresight әдістемесі. Rapid Foresight зерттеу тәжірибесінің техникалары мен тәсілдеріне дидактикалық иммерсингтің тиімділігі. Зерттеу техникасының offline форматтағы өзгешелігі, рәсімдері, кезеңдері, алгоритмі. Зерттеу техникасының online форматтағы өзгешелігі, рәсімдері, кезеңдері, алгоритмі. Мәтінді және түсіндіру монологтарын барынша азайту. Тьюторлық «тендер». Респонденттік «тендер». Фасилитация. Пилоттық ойын жағдайларына интерактивті кірігудегі оқытуды ұйымдастыру. Иммерсинг пен интербелсенділікке қайта жүктеу. Қатысушылардың форсайт алдындағы тренингі. Сөзбен емес, оқу жағдайларына кірігу арқылы оқыту. Rapid Foresight глоссарийінің мағыналық контентін игеруді фасилитациялық пысықтау. Жұмыс тактілерін игеруді фасилитациялық пысықтау. Іс-қимылдар, терминдер, талдау векторлары бойынша шолып байқау.

### **Жобалық модуль: Форсайт-сессиялардың offline және онлайн пікірталастарында коммуникациялық кеңістікті ұйымдастыру**

Форсайт-сессиялар барысында онлайн коммуникацияларды ұйымдастыру және өткізу үлгісінде зерттеушілік және оқытушылық тәжірибелердегі онлайн коммуникациялар әдістемесі. Форсайт-сессиялардың онлайн пікірталастарында коммуникациялық кеңістікті ұйымдастыру. Онлайн режиміндегі форсайттық зерттеулер. Ойын ережелері. Шектеулер мен жетістіктер. Топты «жабу». Сессия алдындағы тренинг. Әлеуетті қатысушылар пулының кастингі. Шағын топтарда жұмыс жасау: диада, триада. Қатысушылардың интербелсенділігіне фокус. Сессия алдындағы ойын пилоттық диалогтар, ой талқылары. Технологиялық тактілер. Интерактивті шағын сессиялар арқылы оқыту. «Трендтер: иммерсинг және фасилитация. «Қатерлер» және «Мүмкіндіктер»: иммерсинг және фасилитация. «Болашақ картасы». «Болашақ бейнесі». Форматтар және саясаттар. Жобалар. Форсайт-сессиялардағы команда болу және командаларды құру. Рольдік иммерсинг: модератор және жинақтаушы. Фасилитация және қатысушы, модератор, жинақтаушы роліне пилоттық «карусельдік» кірігу әдісі. Rapid Foresight әлеуметтік зерттеудің әдістемелік тұғырнамасына енгізу: жобалық тәжірибелер.

## СОДЕРЖАНИЕ

Глоссарий	36
Введение	38
Методологические основания исследования	40
Анализ текущей ситуации	43
Результаты форсайтных сессий	45
Образ будущего детства в Казахстане	52
Приложения	59

## ГЛОССАРИЙ

*ECERS (Early Childhood Environment Rating Scale)* - шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях, разработанные в США. Это инструмент, который ориентирован на те же ценности, что и ГОСО РК (ФГОС ДО), и конкретизирует требования стандарта<sup>2</sup>.

*ECEC (Early childhood education and care)* - официальное наименование институционального уровня практики и администрирования дошкольного образования. В определении этого уровня особо выделено слово «care» (уход, забота).

